

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор өкілі м.а. профессор
Нажи Генч
«26» 02 2025ж.



Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректоры
Ж.Темірбекова
«26» 02 2025ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-074-2025


СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАТАҚХАНАЛАРДА ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жатақханалар бөлімімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Жатақханалар бөлімінің басшысы Н.Исаев
3. Келісілді – Өлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры
Е.Төлегенов
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздыкова
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа
орталығының басшысы С.Кырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2027ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 2-ші беті

Мазмұны

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	3
6. Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссиясы	4
7. Жатақхананың студенттік кеңесі	4
8. Жатақханаға қабылдау және жатақханада тұру	5
9. Жатақхана төлем ақысы	6
10. Жатақханалар ішкі тәртібінің ережелері, ескерту беру, сөгіс беру	6
10.7 Қатаң сөгіс беру, уақытша жатақханадан шығару, біржолата жатақханадан шығару	7
11. Келісу, сақтау және тарату	8
12. Қосымшалар	8
12.1. Танысу парағы	9
12.2. Өзгерістерді тіркеу парағы	10

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 3-ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты студенттік жатақханаларға орналастыру тәртібімен студенттерге қатысты қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. УЕ ХҚТУ-074-2025 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Қазақстан Республикасы (әрі қарай ҚР) Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығымен дайындалды.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережеде пайдаланған анықтамалар және қысқартулар тізбесі:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ - Университет ережесі;

СМЖ - Сапа менеджмент жүйесі;

ЖЖОКБҰ - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

Ректорат - Ректор, ректор өкілі және вице-ректорлар.

Комиссия - Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1. Университеттің осы Ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоры тарапынан бекітіледі.

4.2. Университеттің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры және Жатақханалар бөлімінің басшысы тарапынан жүзеге асырылады.

4.3. Университеттің осы Ережесі талаптарының орындалуына Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры, Жатақханалар бөлімінің басшысы және жатақхана меңгерушілері жауапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Университет жатақханалары қыздар жатақханасы және ерлер жатақханасы болып бөлінеді. Бұл мүмкін болмаған жағдайда, қыздар мен ерлер бөлек-бөлек қабаттарға орналастырылады және бөлек есіктен кіріп-шығады.

5.2. Ректорат немесе басқа да жауапты қызметкерлер (жатақхана меңгерушілері, тәрбиешілер және т.б.) жатақханаға орналасқан студенттердің бөлмесін (бөлмедегі заттарымен бірге) қауіпсіздік, тазалық тұрғысынан және жатақхана ережелеріне сәйкестігін анықтау мақсатында тексереді.

5.3. Ректорат төтенше жағдайларда тікелей өзі немесе Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссияның ұсынысымен жатақханаларды жаба алады.

5.4. Жатақханада тұратын студенттер науқастанған жағдайда жанындағы күтушісімен бірге бір бөлмеде тұра алмайды. Мұндай жағдайда наукас студент ауруханаға немесе үйіне жіберіледі.

5.5. Бұл Ережеде көрсетілмеген мәселелерді ректор, ректор өкілі және Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия шешеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 4-ші беті

6. ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ОРЫНДАРДЫ БӨЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫ

6.1. Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия, жауапты Вице-ректор, қоғамдық ұйымдардың өкілдері - ерікті негізде құрылған кәсіподақтар және басқа да бірлестіктердің өкілдері, студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, деканат өкілдері – білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселесіне жетекшілік ететін декандар немесе декандардың орынбасарлары, «Жастар саясаты» департамент директоры, Жастар орталығының басшысы және Жатақханалар бөлімінің басшысынан тұрады.

6.2. Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия, жатақханаларды жалпы басқару, оның жұмыстарын үйлестіру және дамыту мәселелеріне қатысты ережелер мен принциптерді анықтайды. Комиссия өзіне келіп түскен ұсыныстар мен шағымдарды қарастырып, шешім қабылдайды. Бұл комиссия, студенттер тарапынан тәртіпсіздік жағдайлар орын алған жағдайда ережеге сәйкес тәуелсіз түрде ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс бере алады және жатақханадан уақытша немесе біржолата шығару туралы шешім қабылдайды.

6.3. Конкурстық комиссия жатақханаларда орын бөлуді кезең-кезеңмен:

а) бірінші курстан басқа, барлық курстарда келесі оқу жылында білім алушыларға оқу жылының соңында (маусым);

б) бірінші курсқа оқуға қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауысып келген білім алушыларға оқу жылының басында (тамыз);

в) жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ ауысып келген немесе қайта қабылданған білім алушыларды орналастыру үшін оқу жылының ішінде, қажеттілігіне қарай жүргізеді.

7. ЖАТАҚХАНАНЫҢ СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІ.

7.1. Жатақхананың Студенттер кеңесі, жатақхана тәрбиешісі және жатақханада тұратын студенттер тарапынан сайланады. Жатақхананың Студенттер кеңесіне мүше болғандардың саны, әр жатақханада бес адамнан аз және он адамнан көп болмауы тиіс. Жатақхананың Студенттер кеңесі, студенттердің жатақханалардағы ішкі тәртіп ережесін сақтауға және жатақханада ұйымдастырылатын әртүрлі мәдени-әлеуметтік іс-шаралардың жоспарлануы мен өткізілуіне басшылық жасайды.

8. ЖАТАҚХАНАҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ

8.1. Студенттердің жатақханада тұруы үшін университет жүйесі арқылы өтініш беруі тиіс. Студенттер жатақханада тұру үшін төменде көрсетілген құжаттарды тапсырулары қажет (қашықтан өтініш берген жағдайда жүйеге төмендегі құжаттарды жүктейді):

- 1) Жеке куәлік көшірмесі;
- 2) Медициналық анықтама көшірмесі (075У, флюорография) және сұраныс бойынша қосымша құжаттар.

8.2. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 5-ші беті

алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, қандастар, сондай-ақ мемлекеттік ЖЖОКБҰ немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі ЖЖОКБҰ-да немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған ЖЖОКБҰ-да оқудың бірінші жылында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары.

3) "Алтын белгі" иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;

4) бірінші курсқа оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар.

Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеудің, білім беру ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі;

5) оқу, ғылым және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс білім алушылары;

6) Өзге де білім алушылар.

7) Білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

Конкурстық комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды.

Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, конкурстық комиссияның шешімі заңды болып саналады. Дауыс беру нәтижелері конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады.

Конкурстық комиссия білім алушының күтпеген отбасылық, материалдық және басқа жағдаяттар себептерінен тұрғын жайға мұқтаждығы туындағанда жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін сақтамағаны үшін білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін деканның немесе декан орынбасарының ұсынысы бойынша жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 6-ші беті

Студенттерді жатақханаға орналастыру жынысына қарай №1 қыздар жатақханасы, №2 ерлер жатақханасы, №3 жатақхана, №5 жатақхана, №6 жатақхана, Кентау кампусының жатақханасы және Шымкент кампусының жатақханаларына орналастырылады;

Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді 2024-2025 оқу жылынан бастап PLOTONUS бағдарламасы (немесе университеттің электронды жүйесі) бойынша өтініштерді қабылдап жоғарыдағы критерилерге сай тәртіппен жүзеге асырады.

8.3. Университетте бірінші және одан жоғары курстарда оқып, жатақханада тұруды қалайтын студенттер, 1-ші маусымға дейін университеттің электронды жүйесі арқылы өтініш беруі керек.

8.4. 1-курс студенттері жатақханаға тұру өтінішін және Жатақханада тұру ережесінің 8.1 тармағында көрсетілген құжаттарды Жатақханалар бөліміне өткізеді. Бұл өтініштер Жатақханадағы орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссиясына ұсынылады. Университетке (Дайындық орталығына) түркі дүниесінен және түркі тілдес республикалардан келген тыңдаушыларға өтініш беру шартына қарамастан орын белгіленеді.

9. ЖАТАҚХАНА ТӨЛЕМАҚЫСЫ

9.1. Жатақхана төлемақысы Университет есеп шотына электронды аударымдар арқылы жүргізіледі. Жатақхана төлемақысы 1 жылдық мөлшерде жылына бір рет толық төленеді (қыркүйек-маусым айлары аралығы). Бұл төлемақы студенттің жатақханада тұру өтініші мақұлданған уақытта төленеді.

9.2. Төлем жасаған студент белгілі себептермен жатақханадан бас тартқан жағдайда (өтініш жазу арқылы) Қаржы департаментінің есебіне сәйкес жатпаған күндерінің төлемі қайтарылады.

9.3. Екінші семестр басталмас бұрын оқудан шығарылған, бітіріп кеткен, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен немесе оқу іс-тәжірибесі және т.б. себептермен жатақхана қажет етпейтін студенттерге екінші жарты жылдықтың төлемақысы қайтарылады.

9.4. Студенттер жеке істерімен жаз айларында университетке қарасты жатақханаларда тұра алмайды.

10. ЖАТАҚХАНАЛАРДЫҢ ІШКІ ТӘРТІБІ

10.1. Студенттердің жатақханаларда тұру ережесін бұзған және студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасаған білім алушыларға «ескерту», «сөгіс», «қатаң сөгіс» және т.б. шара қолданылады. Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі мен келісім шартына қайшы іс-әрекет жасаған студенттер туралы мәлімет Жатақхана тәрбиешісінің ұсынысымен Жатақханаларды басқару кеңесіне жіберіледі.

10.2. Жатақхана басқару кеңесінің шешімдерінде көрсетілген тәртіптік шараларды Ректорат өзгертуге құқылы.

10.3. Жатақханадан шығару туралы шешімге наразы (қарсы) болған студенттер бес күн ішінде Ректоратқа өз наразылықтарын білдіре алады. Бірақ, наразылық білдіру жатақханадан шығару туралы шешімнің күшін жоймайды.

10.4. Жатақханадан шығарылуы туралы шешім қабылданған студенттер, ең кемі бес күн ішінде жатақхананы босатуға және жатақхана куәліктерін Жатақханалар бөліміне өткізуге міндетті.

10.5. Ескерту берілетін жағдайлар:

- а) студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасау;
- ә) адамдармен қарым-қатынаста дөрекі және әдепсіз іс-әрекеттер жасау;
- б) айналасын таза ұстамау;
- в) айналасындағылардың мазасын алу (музыкалық аспаптардың, аппараттардың дауысын қатты қою және т.б.);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 7-ші беті

г) жатақхана келісім шартында көрсетілген баптарға мойынсұнбау;

д) жатақхана ішінен сауда мақсатында орын ашу;

е) жатақхана заттарының орнын рұқсатсыз ауыстыру.

10.6. Сөгіс берілетін жағдайлар:

а) ескерту берілетін іс-әрекеттерді қайталау;

ә) студенттің ар-намысына нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасау;

б) қабырғаларға, есіктерге, мүлік беттеріне жазулар жазу, сызу, әдепсіз суреттер жапсыру, жатақхана мүлкіне зиян келтіру, өз бөлмесінен тыс басқа жерлерде Ректорат бекітпеген хабарландыру немесе жарнама ілу, жатақхана бөлмелері мен қондырғыларын мақсатсыз пайдалану;

в) Ректорат ілген және ілуге рұқсат берген хабарландыруын жұлу, жыртып тастау;

10.7. Қатаң сөгіс берілетін жағдайлар:

а) сөгіс берілетін іс-әрекеттерді қайталау;

ә) талап еткен анықтамаларды бермеу немесе қате беру;

б) екі күн рұқсатсыз жатақханаға қонбау.

10.8. Уақытша жатақханадан шығаратын жағдайлар:

а) қатаң сөгіс берілетін жағдайларды қайталау;

ә) төбелес шығару немесе біреуді қорқыту, бопсалау;

б) жатақханалардың айналасын ластау, бүлдіру;

в) жатақхана мүліктері мен заттарына зиян келтіру;

г) жатақханада тіркелмеген адамдардың жатақханаға кірулеріне және жасырынуына жағдай жасау, оларға көмектесу, жасыру;

д) 5 күн қатарынан жатақханаға рұқсатсыз қонбау;

10.9. Жатақханадан уақытша шығару мерзімі Жатақхана басқару кеңесінің қабылдайтын шешіміне қарай ең кемі 30 күн мен бір оқу жылы аралығында болуы мүмкін. Жатақханадан уақытша шығарылған студенттер осы уақыт аралығында жатақханаға кіре алмайды.

10.10. Біржолата жатақханадан шығарылатын жағдайлар:

а) уақытша жатақханадан шығаратын жағдайларды қайталау;

ә) жатақханаға қару-жарак, оқ-дәрі, жарылғыш заттар алып кіру және оларды қолдану;

в) құмар ойындарын ойнау немесе құмар ойындарының заттарын жатақханаға алып кіру;

б) есірткі заттарын қолдану немесе жатақханаға алып кіру;

г) ұрлық жасау;

д) жатақханаға және жатақхананың төңірегіне спирттік ішімдіктер алып келу, спирттік ішімдіктер ішу;

е) жатақхананың тыныштығын бұзатын іс-әрекеттер мен студентке жараспайтын әдепсіз қылықтар жасау;

ж) жатақхана төңірегінде және бөлме ішінде темекі бір реттік (однаразовый), электрондықтың барлық түрі, хор-хор (кальян) тарту;

з) басшылар мен қызметкерлердің жұмыс істеуіне кедергі жасау, ескертулерді тыңдамау;

10.11. Жатақханадан шығарылған студенттер, мерзімі бітпейінше жатақханаға қабылданбайды.

10.12. Жатақхананың бүлінген заттары мен жерлерінің құнын себепкер білім алушы төлеуі тиіс. Ортақ қолданылатын заттар бүлінсе немесе жоғалса себепкер білім алушы анықталмаған жағдайда, оның төлемі ортақ қолданғандар секциясынан өндіріледі.

10.13. Жатақханаларда тұратын студенттер жатақхана меңгерушісінен алған және қолданған барлық заттар мен мүліктерге жауапты. Жатақхананы босататын кезде өзіне

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-074-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі		10 беттің 8-ші беті

берілген барлық мүліктерді жатақхана меңгерушісіне тапсыруы тиіс. Тапсырмаған жағдайда тиісті шаралар (Студенттердің жатақханада тұру ережесінің 10 тармағы) қолданылады.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Осы университет ережесі талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және рәсімделеді.

11.2. Осы университет ережесінің бақылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақталады.

11.3 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, көшірмесін және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Жатақханалар бөлімі басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры, Жатақханалар бөлімінің басшысы және жатақханалар меңгерушілеріне, факультеттің декан орынбасарларына жіберіледі.

Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2025 жылы ақпан айының 26 -жұлдызында болған № 7 Сенат мәжілісінде қаралып бекітілді.

12. ҚОСЫМШАЛАР

КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

Е.Төлегенов

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Кадр бөлімінің басшысы

Ж.Сыздыкова

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

С.Кырыкбаева

